# *Керамика*

**Керамика**(грек. *keramike* – қыш өнері, keramos – саз) – қыш-саз бен олардың минералды қоспаларымен араласқан, сондай-ақ тотықтармен, т. б. органикалық емес қосындылардан күйдіріліп жасалған бұйымдар мен материалдар. Керамика тұрмыстың барлық салаларында: үй тұрмысында , құрылыста, техникада, су және әуе көлігінде, мүсін өнерінде т. б. кеңінен қолданылады.

**Керамика** - адамзат өмірінде ертеден пайдаланылған. Ежелгі замандарда, атап айтқанда палеолит, неолит дәуірінде (б.з.б. 5-мыңжылдық) жасала бастап, ғасырлар өткен сайын технологиясы күрделене түскен. Саздан түрлі бұйым жасап, оның беріктігін арттыру үшін күйдіру ісі кең таралған.



**Керамика** жасауды әр халық өз бетімен ойлап тапқандықтан, олардың өзіндік ерекшеліктері де бар. Халқы мен заманына тән ерекшелігі, әр түрлі ою-өрнектер мен таңбалардың, тіпті, кейде жазулардың болуы бұларды бағалы тарихи ескерткіштер қатарына жатқызады. Керамиканың негізгі технол. түріне құрылыстық кірпіш, теракота, фарфор жатады.

Күйдіру арқылы беріктігін дамытып, әдемілік үшін ыдыстың қалың бүйірлеріне әр түрлі оюлар салған. Энеолит дәуірінен бастап (б.з.б. 3 – 2-мыңжылдық) жазу да жазады. Б.з.б. 4 – 3 мыңжылдықта Мысыр, Бабыл және Таяу Шығыс елдерінде сыртына шыны тектес қабат күйдіріліп бекітілген , керамикалық заттар кездесе



**Керамиканың** даму тарихында ежелгі гректердің орны ерекше. Б.з.б. 1-мыңжылдықтан бері грек шеберлері шығыс үлгісіндегі керамика жасауды қолға алып, өзіндік әдіспен дамыта білді. Сонының нәтижесінде Ежелегі Римде керамика жасаудың мектептері қалыптасты, жүздеген шеберханалар жұмыс



**Фарфор** - күйіктас (керамика) түрі.
Қыш өнеркәсібі Қытайдағы ең ежелгі қолөнерінің бірі екені белгілі. Жүздеген жылдар бойы осы қыш өнерінің қыр-сырын меңгерген Қытай ұсталары ғажайып фарфор бұйымдарын ойлап тапты. Ғалымдар бұл жаңалықты XVII ғасырда (Таң дәуірінде 618-907 жылдары) ашылды деп есептеген мен, Шығыстық Хань дәуірі кезінде-ақ (25-220 жылдары) фарфор бұйымдарын жасай бастаған. Дегенмен, Таң дәуірінде фарфор жасау технологиясы оның шыңына жетті деп есептеуге болады.

Сун дәуірінде фарфор бұйымының “алтын дәуірі басталады”. Әлемге фарфор қаласы деген атағы жайылған Цзянси өлкесінде орналасқан Цзиндэчжень қаласынан шыққан фарфордың атағы жер жарды. Қазіргі заманға дейін Цзиндэчжень қаласында жасалатын фарфордың “цинхуа” дейтін түрі осы елдің өзінде де үлкен сұранысқа ие.



Терракóта - кеуекті құрылымы бар түрлі түсті балшықтан жасалған керамикалық жабыны жоқ заттар.
Теракоталық ескерткіштердін бірі 1974жылы Қытайдын Сиань қаласында табылған Цинь Шинхуанди императорынынң жерленген жерінде теракот әскері табылды.
Қазба жұмыстары нәтижесінде сарбаздар мен олардың жылқыларының кемінде 8 100 терракоталық мүсіндері табылды.







Қазақстанда қазіргі заманғы керамика өндірісі 20 ғ-дың 50-жылдарынан бастап өрістеді. Күйдірілген кірпіш өндіретін жүзден астам қыш зауыты іске қосылды. Алматыдағы керамикалық тәжірибе зауыты алуан түрлі сәндік, тұрмыстық бұйымдар шығарды.

Астана техникалық фарфор зауыты, керамика комбинаты, Фарфор зауыты, Ленгердегі керамикалық құбыр з-ты, Қапшағай фарфор зауыты заманауи талаптарға сай керамикалық бұйымдар шығарады.